

Бұйымдарды экспорттау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 432-ө

1. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Р960298_ қаулысына сәйкес "ДАСУ" акционерлік қоғамына "Этна" акционерлік қоғамымен (Нижний Новгород қаласы) 1996 жылғы 19 наурызда жасалған N 35.95.02/95013700 шартқа орай Ресейге құрамында 2 радиоизотоптық жуандық өлшегіші бар 4 америция-241 көздерін (СЭҚ ТН коды 2844) әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "ДАСУ" акционерлік қоғамына өнімнің аталған көлемін беруге белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Премьер-Министр